

АО «НК «ҚТЖ» УСПЕШНО РЕАЛИЗУЕТ ТРАНЗИТНУЮ ПОЛИТИКУ СТРАНЫ. ЗА ПОСЛЕДНИЕ ПЯТЬ ЛЕТ ТРАНЗИТНЫЙ ПОТОК ВЫРОС В НЕСКОЛЬКО РАЗ. ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАШЕГО ПОТЕНЦИАЛА ҚТЖ ПРОДОЛЖИТ РАБОТУ ПО РАЗВИТИЮ НОВЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ, РАСШИРЕНИЮ ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ ИНФРАСТРУКТУРЫ, ОТКАЗУ ОТ БУМАЖНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ОФОРМЛЕНИИ ПЕРЕВОЗНЫХ ДОКУМЕНТОВ, ВНЕДРЕНИЮ СКВОЗНОГО ТРЕКИНГА ГРУЗОВ С ОТОБРАЖЕНИЕМ ЕГО ФАКТИЧЕСКОГО МЕСТОПОЛОЖЕНИЯ, СОКРАЩЕНИЮ ВРЕМЕНИ В ПУТИ, ИНФОРМИРОВАНИЮ КЛИЕНТОВ О ПРИЧИНАХ ЗАДЕРЖЕК.

Ануар АХМЕТЖАНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по стратегии и цифровизации



№44 (2759)
14/06/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

СЕРВИС ОТ ALSTOM



Alstom планирует создать сервисные центры для обслуживания локомотивов в регионах Казахстана. На данные проекты компания инвестирует более 50 миллионов евро.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Министр индустрии и инфраструктурного развития РК Каирбек Ускенбаев встретился с Чрезвычайным и Полномочным Послом Франции в Казахстане Дидье Канессом. В ходе встречи обсуждены успехи и планы по укреплению двустороннего экономического сотрудничества. В частности, стороны затронули вопрос о создании сервисных центров для обслуживания локомотивов в регионах Казахстана. На

данные проекты компания Alstom планирует инвестировать более 50 миллионов евро в дополнение к уже вложенным в экономику нашей страны 127 миллионам.

К слову, Alstom уже реализует два ключевых проекта на территории страны. В городе Нур-Султан производятся электровозы и тяговые трансформаторы, а в Алматы – стрелочные электроприводы и сигнальное оборудование. На предприятиях создано 650 постоянных рабочих мест. Стоит отметить, что компания является единственным

производителем подобной железнодорожной техники на территории Центральной Азии и Кавказа.

– За 10 лет компания в несколько раз расширила свое присутствие в Казахстане за счет увеличения производственных мощностей. В итоге сегодня Alstom уже производит все основные компоненты локомотивов. В их числе тележка, кузов, тяговый трансформатор, а также тяговые блоки. На следующем этапе мы намерены осуществить реинвестиции, построив в регионах Казахстана сервисные центры для

локомотивов, – рассказал президент Alstom по странам Африки, Ближнего Востока и Центральной Азии Эндрю Делеони.

В ходе переговоров отмечено, что в мае 2021 года подписана Дорожная карта казахстанско-французского экономического сотрудничества до 2030 года, которая придаст дополнительный импульс развитию двустороннего стратегического партнерства в экономической сфере.

– Казахстан заинтересован в расширении и углублении казахстанско-французского экономического сотрудничества в таких приоритетных секторах, как транспортная инфраструктура, гражданская ядерная энергетика, энергетический переход, ИТ, сельское хозяйство, недропользование и производство «зеленого» водорода, – подчеркнул Каирбек Ускенбаев.

Франция входит в пятерку крупных инвесторов в казахстанскую экономику и является ключевым торговым партнером Казахстана. На сегодняшний день здесь работает более 170 компаний с участием французского капитала. Товарооборот между двумя странами имеет позитивную динамику роста, в январе-апреле текущего года объем взаимной торговли составил 1,1 миллиарда долларов, что на 14,4% выше, чем за аналогичный период предыдущего года.

Фото предоставлено пресс-службой МИИР

ЖОЛ САЛУ КЕШЕНІН САТЫП АЛДЫ



«Қамқор Менеджмент» компания тобы тұрақты негізде құрылыс және жөндеу техникасын жаңартуға қаражат бөледі. Ондағы мақсат, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының қажеттілігін барынша қанағаттандыру және теміржол магистральдарындағы сапа мен сенімділікті, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету.



Оның айқын дәлеліне, аталған компания тобының «Теміржол жөндеу» филиалы – Астана ПМС мекемесіне төсеме краннан, 3 мотор платформасынан және алмалы-салмалы жабдығы бар 22 платформадан тұратын жол салу кешенін сатып алып беріп, жеткізуін атар едік. Мекеме мамандары, арнайы жылжымалы құрамды жаңарту жолдың жоғарғы құрылысын салу мен қайта жаңартудың жыл сайынғы қарқынын өсіруге, теміржолдарды жөндеу және қызмет көрсету технологиясын жетілдіруге мүмкіндік беретінін айтады.

Еске сала кетсек, жол салу ісінде аса тәжірибелі мекеме «Теміржол жөндеу» мамыр айының жоспарын 40,632 км немесе 111% асыра орындаған болатын. Сондай-ақ, 13,5 км көлемінде жаңа рельс иіні ауыстырылып, 93 000 текше метр көлемінде жаңа қиыршық таспен жол балласталған-ды. Ал жаңа жол салушы су жаңа кешеннің келуімен жұмыс өнімділігі еселеп арта түспек.

Нұрбек БЕКЕН

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ КҮМІСТАУ ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫНДА

7,5 км

ЖОЛДЫҢ РЕЛЬСИ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

«ҚАЗТЕМІРТРАН» АҚ-ДА 2022-2023 ЖЫЛДАРЫ

23 000

ВАГОНДЫ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНУДА

АТЫРАУ ЛОКОТИВ ПАЙДАЛАНУ ДЕПОСЫНДА ӨТКЕН МАМЫР АЙЫНДА ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

1052,8 млн

ТОННА КМ-НЕТТОФА ЖЕТТІ

Технологии

«ГЛАЗА» МАШИНИСТА ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ МАНЕВРОВ

Возможности новой системы дистанционного видеоконтроля для движения вагонами вперед (CTRL@VISION 100WE) продемонстрировали руководству АО «НК «ҚТЖ» в маневровом районе станции Нур-Султан. Она позволяет минимизировать риски сходов и столкновений подвижного состава, а также травмирования составителей поездов.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Инициатором проекта выступило АО «НК «ҚТЖ». Разработчиком CTRL@VISION 100WE, не имеющей аналогов на постсоветском пространстве, является ООО «ТМХ Интеллектуальные системы».

– На протяжении последних лет мы работаем над повышением культуры безопасности на железнодорожном транспорте. Система дистанционного видеоконтроля станет еще одним

шагом в этом направлении. Ее главная задача – свести к нулю травматизм составителей поездов, – отметил во время тестовой поездки главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

CTRL@VISION 100WE, или так называемые «глаза» машиниста, призвана решить проблему ограниченной видимости при движении вагонами вперед во время маневровых работ. Она состоит из двух блоков: мобильного и локомотивного. Мобильный блок (видеокамера) крепится составителем на

автосцепку хвостового вагона и снимается после завершения работ. К слову, для его фиксации не требуется инструмент или дополнительных крепежных элементов в корпусе автосцепного устройства. Камера получает питание от аккумуляторной батареи, которая обеспечивает работу на протяжении 12 часов во всех режимах и условиях эксплуатации. Локомотивный блок (промышленный планшет) устанавливается в кабине машиниста.

(Окончание на 3 стр.)



Мағауия ОРАЗҚҰЛОВ,
Ақтөбе «Пойыздар қозғалысының басқару» орталығы басшысының орынбасары:

ОПТИКАЛЫҚ-ТАЛШЫҚТЫ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫН ҰЗАҚ ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУҒА МҮМКІНДІК МӨЛ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИМДІЛІК, БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ, КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІН ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН АВТОМАТТАНДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІ ДЕ ОСЫ БОЛАТЫН

ПОТЕНЦИАЛ РАСТЕТ



Порт Актау с рабочим визитом посетили члены совета директоров АО «НК «ҚТЖ».

Председатель правления АО «НК «АМТТ» Абай Турипенбаев подробно рассказал о развитии порта и принимаемых мерах по созданию условий для казахстанского транзита и экспорта.

– Изменение географии логистических маршрутов поставки казахстанского экспорта и транзита уже привели к четырехкратному увеличению перевалки контейнеров по маршруту ТМТМ через порт Актау в сравнении с аналогичным периодом прошлого года, – отметил Абай Турипенбаев.

Принятые меры по внедрению онлайн-обмена информацией между портами Актау и Баку привели к увеличению количества одновременно работающих комиссий на приход и уход судов, привлечению дополнительных судов на маршрут ТМТМ. Кроме того, данные нововведения способствуют повышению пропускной способности через порт.

К слову, за четыре месяца 2022 года перевалено более 1,2 миллиона тонн, из них на импорт – 110 тысяч тонн, на экспорт – 1 миллион 96 тысяч тонн.

В феврале этого года через порт Актау перевалено 1 657 ДФЭ, а уже в апреле показатель вырос в два раза и составил 3 099 ДФЭ. В этом году ожидается двукратный рост контейнерных перевозок к уровню прошлого года – до 50 тысяч ДФЭ, а объемы перевозок по маршруту ТМТМ вырастут в шесть раз – до 3,2 миллиона тонн.

Дальнейшая последовательная реализация намеченных стратегических инициатив порта Актау еще больше расширит возможности казахстанской транспортно-логистической инфраструктуры на Каспии.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

«ЖӘРДЕМ» АТЫРАУ АТЫРАБЫНДА



«Жәрдем» мамандандырылған медициналық пойызы 13 маусымнан бастап Атырау облысының шалғайдағы станциялары мен оларға жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарын тегін медициналық тексеруден өткізеді.


Ислам ТАЛҒАТ,
Нур-Султан

Сонымен, «дөңгелекті емхана» мамандары 13-14 маусым Туманное, 15-16 маусым Аққыстау, 17-18 маусым Нарын, 19-20 маусым Исатай, 21-22 маусым Афанасьев, 23-24 маусым Ганюшкино, 25-26 маусым Жамансор, 27-28 маусым Мұқыр тұрғындарын таңғы 09.00-ден бастап кешкі 18.00-ге дейін қабылдайды. Жобаның басты мақсаты – медициналық қызметке қолы жетпейтін шалғай аудандардың тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету.

«Шалғай ауылдарды аралап, тегін көмек көрсетіп жүрген мамандардың қатарында терапевт, педиатр, кардиолог, невропатолог, офтальмолог, гинеколог, хирург, уролог, маммолог және стоматолог бар. Биыл білікті мамандардың құрамы психолог және дерматовенерологпен толықты. Сонымен қатар биыл стоматологиялық құрылғылар да жаңартылды. Медициналық пойызда биохимиялық талдаулар,

рентгенография мен флюорография, ішкі ағзалар мен тамырлардың УДЗ, электрокардиограмма, гастродуоденоскопия және диагностикалық зерттеулердің басқа да түрлерін жүргізуге мүмкіндік бар», – дейді «Жәрдем» медициналық пойызының бас дәрігері Айнур Егінбаева.

Өткен айдың 23-і күні Алматы-2 станциясынан аттанған «Жәрдем» пойызы бұған дейін Маңғыстау облысының шалғайда орналасқан 9 станциясын аралап келген еді. Мамандар ұсынған деректерге сүйенсек, Маңғыстау облысы бойынша 12 000-ға жуық дәрігерлік тексеру жүргізіліп, пойыз мамандары қаралушыларға консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсеткен. Әсіресе, халықтың басым бөлігі, яғни 2008 адам ЖПД/терапевт/педиатр дәрігерлеріне көп жүгінген. Одан кейін урологқа 1127 науқас, офтальмологқа 1099 науқас, невропатологқа 1004 науқас және хирург маманына 968 науқас келген. Пойыз дәрігерлері барлығы 1043 ЭКГ, 1087 УДЗ және 583 флюорография



процедураларын өткізген. Сонымен қатар 77 шағын хирургиялық ота жасалған. Оның ішінде, тұрақты тісті жұлудың жеңіл түрі – 19 және тісті жұлудың күрделі түрі – 7, жараны дренаждау 51 мәрте жүргізілген. Ақ халатты абзал жандар тексеріс барысында қант диабеті, артроз және артрит, созылмалы пиелонефрит, артериялық гипертония, омыртқаның остеохондрозы, созылмалы панкреатит және созылмалы холецистит, жатыр



миомасы және жатыр мойны эрозиясы, простатит, глаукома, созылмалы бронхит және бронх демікпесі, сондай-ақ, флюоро нәтижесі бойынша туберкулез күдігі бар ауруларды анықтаған. Тіпті, дәрігерлердің көмегімен Қарақия станциясында 4-5 жастағы балалар сүндеттеліп, сондай-ақ №10 разъезде қиын жағдайға түскен сабиге көмек көрсетілген. Және де олар сырқаты анықталған ауылдардың тұрғындарына жоспарлы ем алуға ауруханаға жату үшін жолдама берген.

Ауыл тұрғындары пандемиядан кейін тегін әрі сапалы медициналық көмек көрсететін пойызды үлкен үмітпен күткендерін жасырмады. Сондай-ақ медициналық пойыз дәрігерлеріне шынайы алғыстарын білдірді. Алдағы уақытта медициналық пойыз Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарын аралайды.

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ КЕСТЕГЕ САЙ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан



Қазір жазғы жол жұмыстарының қызған кезі. Әсіресе, елдің солтүстік және шығыс өңірлері бұл қысқа мерзімнің әр күнін, әр сағатын тиімді пайдаланып қалуға тырысады. Оның жарқын көрінісін Павлодар өңірінде жүріп жатқан қауырт жұмыстан көруге болады.

Быыл аталған өңірдің 64 км шамасындағы темір жолы күрделі жөндеу көрмек. Таратып айтар болсақ, Сарыоба-Еркіншілік аралығында 18,6 км жол, Қоржынкөл-Ерейментау аралығында 14,379 км, сондай-ақ, Көктөбе-Жұмыскер аралығында 19,4 км және Көктөбе-Құркөл аралығында 11,3 км жол күрделі жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болмақ. Бұдан бөлек, Павлодар НЖС бойынша 27 км шамасында жолды күшейтілген күрделі жөндеуден өткізу қарастырылған. Бұл жөндеу түрі Еңбекшілдер-Айсары және Ақсу станциясында жүргізілімек.

«ҚТЖ» ұлттық компаниясы теміржолдың инфрақұрылымын жаңғырту және жетілдіру бағытында тұрақты жұмыстар жүргізіп келеді. Быыл да Компания желісі бойынша 551 км жол күрделі жөндеуден өтпек. Соның 64 шақырымы Павлодар магистральдық желі бөлімшесі аумағында өтпек. Қазіргі уақытта Сарыоба – Еркіншілік аралығында 18,6 км жол көлеміне жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу, сондай-ақ, Еңбекшілдер-Айсары аралығындағы 22,8 км жол көлеміне күшейтілген орта жөндеу аяқталып қалды. Сонымен қатар Қоржынкөл-Ерейментау аралығындағы 14,379 км жол көлемінде күрделі жөндеу басталды, қазір 7,6 км жолға жаңа рельсшпалды торкөз салынды. Жалпы жол жұмыстары кестеге сай жүргізіліп жатыр, – деп ақпарат берді Павлодар магистральдық желі бөлімшесінің қызметкері Асхат Ақаев.

ИНТЕРМОДАЛЬДЫ ТАСЫМАЛ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан



Теміржолдағы жолаушылар тасымалы ел өңірлері арасында тек көлік қатынасын ғана емес, сонымен қатар ішкі туризмді дамытуға үлес қосуда.

Бұл саланы одан әрі дамыту мақсатында «Жолаушылар тасымалы» АҚ интермодалды тасымалға көшуге бастама көтеріп отыр. Яғни, жолаушыларға оңтайлы бағдар жасауда бірнеше көлік түрлері біріктірілетін болады. Мәселен, жолаушы А нүктесінен Б нүктесіне дейін жолға шыққан жағдайда, оған әртүрлі көлік түрлерімен, халықаралық автобустар, теміржол және әуе жолы көлігі арқылы аталған бағдар бойынша жету жолы ұсынылады. Айталық, Нұр-Сұлтан қаласынан Алматыға пойызбен жеткен жолаушы пойызға алған билетімен қала ішіндегі автобус арқылы діттеген жеріне жетіп ала алады.

ЖАҢА МОДУЛЬДІК ҮЛГІДЕ ЖАНҒЫРДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясы 14 ғимаратты жаңа модульдік үлгіде жабдықтады.

Дистанцияда жыл басталғалы қарқынды жұмыстар жүріп жатыр. Соның ішінде ауыз толтырып айтатын ауқымды жұмыстардың бірі апаттық жағдайдағы ғимараттар толықтай жаңартылды. Бұл жұмысшылар үшін қолайлы бола түспек. Шалқар дистанциясы бойынша СП-6 типті электр сигнализациясының жаңаруы да биылғы жасалған жұмыстардың бірі. Ескі желілер Р-80 Альстом компаниясының 50 дана электроприводына ауыстырылды. Дистанция аумағындағы Қандыағаш, Жұрын, Жазық, Шалқар, Тоғыз станцияларында дизельді-генератор қондырғылары орнатылды.

Ақтөбе СОБ, байланыс және электрмен жабдықтау бөлімінің басшысы Жәнібек Жұмабаевтың айтуынша, биыл ШЧ-4 аумағындағы Ізімбет станциясы ПВ-ЭЦ, ПРП-ЭЦ қуатты панельдерімен жаңартылған.

«Ақтөбе станциясындағы Жіңішке, Жайсаң, Қаратоғай, Әлімбет және ШЧ-7 Орал бойынша Амангелді, Переметное, Алғабас, Шыңғырлау және Тасқала, жұп және тақ бағыттағы КТСМ-02 жабдығы ескірген үй-жайлардан жаңа контейнерлік модульдерге ауыстырылды», – дейді Жәнібек Жұмабаев.

Ақтөбе станциясы аумағындағы Жіңішке, Жайсаң, Қаратоғай және Мәртөк бөлімшелерінде қондырғылар толық модернизациядан өтіп, МП АСДК жабдығы жетілдірілген шкафтармен ауыстырылды. Дистанциядағы жұмыстар мұнымен шектелмейді. Станция аумақтарындағы релік шкафтарды линзаларға ауыстыру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр.

Суретті түсірген автор

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАП АРТАДЫ



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Бөлімше директоры Амангелді Арысбаев жетекшілік еткен басқосуда қоршаған ортаны қорғау саласындағы, ҚР Экологиялық жаңа кодексінің енгізілуіне байланысты экологиялық нормалау, радиациялық қызмет жұмысын ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Маңызды семинарға астанада арнайы барған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының 2060 жылға дейінгі төмен көміртекті даму бағдарламасы туралы баяндама жасап, score 1, score 2, score 3 парниктік газдарды шығару есебінің әдістемесін түсіндірді.

– Еліміздегі көптеген салаларға және көліктің басқа түрлеріне қарағанда, теміржол көлігі анағұрлым экологиялық таза болып саналады. Халықаралық теміржол одағының деректеріне сүйенсек, теміржол көлігінен

5 маусым – Бүкіләлемдік экологтар күніне орай Шымкент ЖТ бөлімшесінде экологиялық және радиациялық қауіпсіздікке арналған республикалық семинар өтті. Шара мақсаты – жаңа ҚР Экологиялық кодексінің талаптары мен нормаларын түсіндіру.



бөлінетін парниктік газдар үлесі АҚШ пен Еуразиялық одақ экономикасында 2,4 және 2,9 пайызды құрайды. Жылжымалы құрамдар бойынша парниктік газдардың тікелей бөліну көздеріне тепловоз, дрезина, автокөліктер жатады. Компанияда осы газды бөлудің негізгі көзіне пойыздар тартатын локомотивтер кіреді. Тепловоздардың инвентарлық паркінде былтырғы есеп бойынша 1285,5 локомотив болды, соның 555,5-і магистральдық тепловоз болса, 730,5-і маневрлік локомотив. Парктегі электровоздар саны – 559 бірлік. Сол сияқты компанияда парниктік газды бөлетін 4258 стационарлық көз бар, оның

ішінде газ қолданылатыны 70, дизель отынымен жұмыс істейтіні – 25, көмір қолданылатыны – 174, электр энергиясымен істейтіні – 976 және пеш жағлатын 3013 ғимарат бар, – деді Сағат Қабиев. Сонымен қатар ол болашақта Қазақстан теміржолы компаниясының осы бағыттағы жұмыстарымен бөлісті. Соның ішінде қазір сынақ кезеңінен өтіп жатқан жаңа технологияларды қолдану, көміртек бейтарапты энергия ресурстар қолдану арқылы темір жол желілерін электрлендіру, жаңартылған энергия көздерін қолдана отырып ғимараттар мен құрылыстарға күрделі жөндеу жүргізу және

тағы басқа жаңашылдықтар болатынын жеткізді.

Семинарда компанияның Еңбек және экология қауіпсіздігі бойынша инспекциясының өкілі Лаура Омарова компанияның қазіргі экологиялық қауіпсіздік жағдайына тоқталып, бұл саладағы ішкі бақылау нәтижелерімен бөлісті. Сонымен қатар семинарда экология модулін «Өндірістік қауіпсіздіктің біріктірілген жүйесі» автоматтандырылған жүйесіне енгізу мәселесі де сөз болды. Семей ЖТ бөлімшесінің экологы Ерлан Салиев ҚР Экологиялық кодексінің экологиялық шығын, ремедиация және ремедиация бағдарламасын әзірлеу мәселелеріне қатысты талаптарын түсіндірді.

«Біз семинар барысында жұмысымызға тікелей қатысы бар мол мағлұмат алдық. Пікір алмасып, тәжірибе бөлістік. Мұндай іс-шаралардың ұйымдастырылуы білім-біліктілігімізді арттыруда маңызы зор», – деп өз пікірін білдірді Шымкент ЖТ бөлімшесінің қоршаған ортаны қорғау инженері Хамит Сматов.

Суретті түсірген автор

АСТЫҚ ЭКСПОРТТАУ БЕКЕТІ



Ақтөбе өңірінде орналасқан Әйтеке би станциясында бидай экспорттау жұмыстары жылдың төрт мезгілінде ұйымдастырылып келеді. Бұл жерден астық Түркия, Өзбекстан, Ауғанстан елдеріне жөнелтіледі.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Өткен жылдың қорытындысы бойынша станцияда 348 вагоннан жүк түсірілсе, тиелген астық көлемі 41 710 тоннаны құраған. Бұл станциядан тиелген жүктің денін астық өнімі құрап отыр. 2022 жылы да осы жұмыстар жалғасын табуда. Күніне 13-14 жүк пойызы және станция үстімен 3-4 жолаушылар пойызы өтеді. Сонымен қатар Маңғыстау-Семей бағытындағы жолаушылар пойызы, Орал-Алматы бағытындағы Тальго пойызы өтіп жатыр.



Төртінші класты станция басындағы қызу тірлікпен Әйтеке би станциясы басшысының орынбасары Еркебұлан Ермағамбетов таныстырды. Оның айтуынша, станция басында үш кірме жол бар. Оның бірінде, газбен қамтылмаған ауылдардағы мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік нысандарға таратылатын көмір түсіру жұмыстары ұйымдастырылады. Ал «Жайылхан» ЖШС-мен байланысқан кірме жолда астық тиеледі. Өйткені, астықты «Жайылхан» ЖШС-нің 88 вагоны экспорттайды.

«Айына 4-5 мың тонна астық тиеледі. Бидайды сұранысқа байланысты жөнелтеміз. Біздің міндетіміз – вагондарды астық тиеуге қойып беру. Тиеу жұмыстары аяқталған соң вагондарды жалғап, жөнелтеміз. Биыл мамыр айынан бастап санкцияға байланысты астық өнімін экспорттау тоқтатылып тұр», – дейді Еркебұлан Ермағамбетов.

Ал «Текше тас» ЖШС-не қарасты кірме жолда Түркістан облысының Сайрам ауданына саз тиеліп жатыр екен. Осы жердің жер қойнауынан шығатын сапалы саз балшығына сұраныс жоғары болып тұр. Бұл сазды қыш бұйымдарын жасауға пайдалануда.

Суретті түсірген автор

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ



Сыр бойының теміржолшылары жылжымалы құрамдардың еш кідіріссіз бөлімше телімдерінен өтуіне қызмет жасауда. Әсіресе, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға мүдделі аймақ ревизорлары уақытпен санаспай, тәулік бойы жұмыс істеп жүр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Жолды диагностика орталығы» Қызылорда филиалының жол шаруашылығы ревизоры Әмірхан Жүсіпбеков биылғы бес айда бөлімше бойынша қозғалыс қауіпсіздігін бұзған 13 жағдай тіркелгенін айтты. Оның 3-еуі бөгде жекеменшік кәсіпорындар еншісіне тиесілі болса, 7 рет локомотивтің жарамсыздығы, 2 рет пойыздың бір сағатқа кешіктірілуіне қатысты 10 оқиға тіркелген. Тепловоз машинистерінің жедел тежегіш басу жағдайы биыл 46 рет тіркелген. Мұның 27-сінде иесіз малдың жол үстіне шығуы себеп болса, бөгде адамның рельс үстінде жүруіне байланысты 18 жағдай тіркелген. Ал маусым айының алғашқы 10 күнінде Қорқыт станциясы маңы мен Қызылорда жол дистанциясы телімінде бір-бірден иесіз малдың жол бойына шығып жайылып, пойызға басулы тіркелген. Ал өткен жылдың осы уақытында 3 жағдай тіркелген болатын. Бұл мал иелерінің теміржолшылар тарапынан жасалатын ескертулерге құлақ аспайтын-

дығын білдірсе керек.

Өңір теміржолы бойында пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылмауы үшін аймақтағы 6 ревизор күн-түн демей жұмыс жасап, жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын сақтау үшін барлық шараларды күшейтуде. Және де жол бойын тексеру барысында назарға ілінген кемшіліктерге бей-жай қарауға болмайтындығы еңбеккерлерге дер кезінде ескертіліп, техникалық пысықтау жұмыстары жүргізілуде. Пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды арттыру үшін сала шаруашылықтарына кезектен тыс, тосын тексерулер, беймезгіл уақыттағы бақылау жұмыстары ұйымдастырылуда.

– Аймақ бойынша пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне қатысты түрлі шаралар жүргізілуде. Иесіз малдың жол бойын жағалай жүруіне байланысты жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, атқарушы билік органдарына қатынас хаттар жолданып, мал шаруашылығын кәсіп еткендерге теміржолдың аса қауіпті аймақ екендігі түсіндірілуде. Алайда тиімді нәтиже жоқ. Ескерту, қатынас хаттарға жауап мардымсыз, иесіз малдың жол жағалай жайылуы әлі тыйылар емес. Дегенмен орын алған



жағдайларға қатысты бөлімше бойынша, дистанцияларда қауіпсіздік айлығы жарияланып, жұмыс жасалуда. Сондай-ақ, тұрғындарға теміржолдың қауіпті аймақ екендігін түсіндіріп және тексерген рейдтер өткізілуде, – деді ревизор.

Биыл жыл басынан бері 5 рет жолаушылар пойызының тепловозына мал басулы жағдайында зақым келген. Осы жағдайдың орын алуына орай ревизорлар аппаратының басшысы Алматы Молдашев пен мекеме басшыларының бірлесуімен талдау жұмысы жүргізілген.

– Пойыздардың қозғалыс қа-

уіпсіздігін сақтау үшін адам көп өтетін жерлерге арнайы белгілер орнатылған. Ал, тепловоз машинистерінің жедел тежегішті қолдануының көбеюіне байланысты ревизорлар аппараты тарапынан уақытша кезекшілер қоюға ұсыныс беріліп отыр. Сонымен қатар жаз маусымында теміржол көлігін пайдаланушы жолаушылардың көбеюінен Қамбаш, Шеміш, Жалағаш, Тереңөзек станциялары маңындағы теміржол өткелдерін қайта ашу туралы компания басшылығына өтініш хаты жолданып отыр, – деп түйіндеді сөзін Әмірхан Жүсіпбеков.

Суретті түсірген автор

МЕХАНИЗМ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



КОНФЕРЕНЦИЯ

Ежегодная конференция Ассоциации национальных экспедиторов Республики Казахстан и Казахстанской ассоциации перевозчиков и операторов вагонов (контейнеров) стала отличной площадкой для обсуждения ряда вопросов с участием председателя совета директоров АО «НК «КТЖ» Юрия Лавриненко, заместителя председателя правления национальной компании Каната Альмагамбетова, представителей МИИР РК, Союза транспортников Казахстана, НП «Атамекен» и Главной транспортной прокуратуры РК.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В мероприятии приняли участие представители ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», АО «Кедентранссервис», АО «КТЖ Express», АО «Қазтеміртранс», а также транспортные компании и бизнес-структуры.

На конференции были озвучены итоги проведенной работы КазАПО и АНЭК касательно вопросов повышения эффективности транспортно-логистической инфраструктуры, конкуренции и партнерства, исключения административных барьеров. Открывая мероприятие, председатель наблюдательных советов АНЭК и КазАПО Илья Сегал выразил особую благодарность и признательность за постоянную поддержку и внимание в решении проблем операторского бизнеса Казахстана.

– Учитывая важность рассматриваемых вопросов и необходимость выработки сбалансированных с интересами экономики страны решений, сегодня мы собрались

в таком составе, чтобы наметить пути решения проблем, проработать механизм взаимодействия, – подчеркнул он.

Участники обсудили проблемы операторской и экспедиторской деятельности, предложения по их решению и созданию равных условий расчетов за пользование грузовыми вагонами в международном сообщении. Поднимался вопрос о совершенствовании взаимоотношений на рынке операторских услуг на пограничных станциях Достык и Алтынколь.

– Нужно тщательно и детально подходить ко всем проблемным вопросам, проработать их по пунктам, выстраивая долгосрочное партнерство на взаимовыгодных условиях, – отметил в свою очередь Канат Альмагамбетов. – Эта встреча должна стать хорошим импульсом в работе.

Кроме того, на конференции поднимались вопросы контейнеризации перевозок в Казахстане, защиты кодов экспедиторов при перевозках грузов, совершенствования политики по предоставлению скидок при

перевозке и в целом транспортного законодательства. Рассмотрен план действий государственных органов, Национальной палаты предпринимателей «Атамекен», АО «НК «КТЖ», утвержденный указом Президента Республики Казахстан, по реализации основных принципов дебиюкратизации, цифровизации, всестороннего взаимодействия государственных органов с гражданами, бизнесом, управленческой деятельностью.

Особое внимание участники уделили обсуждению дальнейшего развития цифровых технологий, интеллектуальной транспортной системы – совершенствование существующих и внедрение современных программных продуктов, повышающих эффективность работы с партнерами и потребителями услуг.

В завершение конференции за вклад в развитие транспортно-логистического бизнеса железной дороги наиболее успешным компаниям и передовикам были вручены грамоты, благодарственные письма и памятные знаки от имени КазАПО и АНЭК.

Фото автора

Технологии

«ГЛАЗА» МАШИНИСТА ДЛЯ БЕЗОПАСНЫХ МАНЕВРОВ

(Окончание. Начало на 1 стр.)

Подобно парктронику, система видит пути на расстоянии не менее 100 метров и передает онлайн-изображение на монитор машиниста. Камера высокого разрешения с привычным для машиниста углом обзора способна работать в темное время суток и в плохую погоду. Благодаря новой системе машинист может визуально оценить и контролировать поездную обстановку: свободны ли пути перед хвостовым вагоном, нет ли габарита по ходу движения, положение стрелочных переводов, показания светофоров, расстояние до объектов и т.д. Она позволяет записывать видео продолжительностью до пяти суток.

Пожалуй, основным преимуществом CTRL@VISION 100WE является возможность вывести человека из опасной зоны во время маневровых работ. В настоящий момент «глазами» машиниста в хвостовой части состава фактически является составитель поездов. Это одна из самых травмоопасных профессий на железной дороге. Благодаря внедрению проекта функции составителя изменятся: он будет закреплять видеоканал на хвостовом вагоне. Остальное



за него сделает техника.

– Система может использоваться на любых видах локомотивов или тяговых агрегатах с составами вагонов при выполнении маневровой, перевозной, передаточной работы при движении вагонами вперед со скоростью не более 20 километров в час, – отметил директор ТОО «ЛокоТех-Сигнал Азия» (представительства компании-разработчика в Казахстане) Евгений Любавин.

Для демонстрации возможностей CTRL@VISION 100WE специальной рабочей комиссии под руководством главного инженера АО «НК «КТЖ» Батыра Котырева на станции Нур-Султан был оборудован опытный маневровый тепловоз серии CKD6. На свободный путь четного парка

станции выставлено 25 вагонов для тестовой прицепки. Комиссия, в состав которой вошли представители «ТМХ Интеллектуальные системы», ТОО «ЛокоТех-Сигнал Азия», АО «Самрук-Қазына», руководство АО «НК «КТЖ», ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», Дирекции магистральной сети, Астанинского эксплуатационного локомотивного депо, Акмолинского отделения ГП и других причастных подразделений компании, после проведения инструктажа отправилась в тестовую поездку. Со стороны станции Жайнак осуществлены прицепка локомотива и установка мобильного блока видеоконтроля на автосцепку хвостового вагона. После произведено вытягивание состава по направлению четного

Аккольского пути за сигнал М2 и осаживание на маневровом районе №10. Затем – осаживание с района № 10 на 38-й путь маневрового района №14.

– Система дистанционного видеоконтроля для движения вагонами вперед позволит осуществить культурную революцию в обеспечении безопасности на железнодорожном транспорте. Сегодня мы убедились в работоспособности системы и можем сказать, что проект запущен. Мы продолжим работу над ее совершенствованием, чтобы довести до рабочего образца и запустить в промышленную эксплуатацию, – сообщил, подводя итоги, Батыр Котырев. – Надеюсь, что CTRL@VISION 100WE позволит снизить травматизм составителей поездов, ведь люди – самое ценное, что есть в нашей компании.

В свою очередь разработчики пообещали учесть все высказанные комиссией предложения, заверив, что новая система является конфигурируемой, комплектация и функционал могут быть изменены по желанию заказчика.

Что касается затрат, оборудование имеет более низкую себестоимость в сравнении со стационарной инфраструктурой для видеонаблюдения и не требует больших финансовых вложений.

Пилотные испытания системы планируется начать уже в июле на станции Нур-Султан.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КОМИССИЯ НА МАСТЕР-КЛАСС



ОСМОТР

На станции Курорт-Боровое под председательством первого заместителя директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Саята Бекенова и главного регионального ревизора безопасности движения по Акмолинскому участку Артура Кизатова прошел учебно-показательный комиссионный месячный осмотр.

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

В показательном КМО приняли участие начальники станций участка Джамантуз – Өндіріс, районов контактной сети, старшие дорожные мастера, старшие электромеханики СЦБ, старшие электромеханики контактной сети.

Как отметил Саят Бекенов, учебно-показательный КМО организован с целью улучшения качества проведения комиссионных месячных осмотров.

В процессе осмотра были показаны приемы проведения проверки станционных путей, стрелочных переводов. Особое внимание уделялось предупреждению появления неисправностей, обеспечению

сооружений и устройств и содержанию их в исправном состоянии, осматривались также пункты электроснабжения в вагонном и вокзальном хозяйствах.

Также продемонстрирован порядок пользования измерительными приборами, оформления акта комиссионного месячного осмотра, установления сроков устранения отклонений, выявленных в ходе осмотра.

В свою очередь Артур Кизатов подчеркнул значимость показательных КМО для повышения уровня знаний в содержании технических средств, что вносит большой вклад в обеспечение безопасности движения и является основной задачей всех работников железнодорожного транспорта.



Некоторые участники прошедшего учебно-показательного осмотра имеют большой опыт работы в должности начальника станции, не раз возглавляли комиссионные осмотры. Однако все отметили, что практический опыт

изучения путевого хозяйства на другой станции позволяет выйти за пределы повседневной работы, а также проконтролировать собственные знания и обменяться опытом с коллегами.

Фото автора

ВЫЯВИТЬ. ПРЕСЕЧЬ. ПРЕДУПРЕДИТЬ

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



АНТИКОРРУПЦИЯ

Национальный перевозчик ведет системную работу по противодействию коррупции. В АО «Пассажирыские перевозки» состоялось совещание по вопросам профилактики коррупции.

В мероприятии участвовали представители центрального аппарата АО «НК «КТЖ», проектного офиса «Адал жол», региональные филиалы и участки по пассажирским перевозкам, правоохранительных и надзорных органов, уполномоченного госоргана в области транспорта.

– На повестке дня очень важная тема, так как мы должны позаботиться о мерах по усилению борьбы с коррупцией и пресекать факты ее проявления на всех уровнях, – сказал генеральный директор АО «Пассажирыские перевозки» Жанибек Тайжанов.

С апреля 2018 года компания проводит политику нулевой терпимости к работникам поездных бригад, совершающих противоправные действия. Эти меры принимаются в рамках борьбы с провозом безбилетных пассажиров и неформального грузобагажа.

В начале 2021 года утвержден План по противодействию коррупции в АО «Пассажирыские перевозки». Цель этого документа – искоренение системных проблем, препятствующих надлежащему функционированию железнодорожных пассажирских перевозок и доступности населения к услугам на транспорте.

По итогам встречи решено проводить регулярные встречи по вопросам профилактики и искоренения коррупционных фактов на пассажирском железнодорожном транспорте.

ДВИЖЕНИЕ БЕЗ КОЛЕБАНИЙ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



МОДЕРНИЗАЦИЯ

На перегоне Шокай – Мырза Карагандинского региона для укладки рельсошпальной решетки новым современным комплексом Geisma предоставлено шестичасовое технологическое окно.

Как известно, общее расстояние от перегона Шокай до перегона Мырза составляет 22 километра. Станция Шокай считается промежуточной четвертого класса. Ее протяженность – около трех километров. На узле сосредоточены значимые службы – дистанция пути, сигнализации и связи, электроснабжения, а также эксплуатационное вагонное депо. Через Шокай курсируют поезда в Нур-Султан, Алматы, Караганда.


Не менее значимой считается станция Мырза, которая расположена на двухпутном электрифицированном участке Нур-Султан – Караганда. Это грузопассажирский узел, который по объему выполняемой работы отнесен ко второму классу. Станция обслуживает завод Central Asia Cement (производитель цемента Казахстана), Нурказганский горнообогатительный комбинат, осуществляющий разработку месторождения ПО «Карагандацветмет».

– Сегодня важно поддерживать здоровое состояние железнодорожного полотна и стрелочных переводов для осуществления важных коммерческих операций во благо государства и обеспечения высокой пропускной способности поездов, – отмечает начальник отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Нуржан Калиев.

Фото автора

НА КОНТРОЛЕ

Мадина ЕЛЕУКЕН,
Павлодар



МЕСЯЧНИК

В Екибастузском эксплуатационном вагонном депо подвели итоги месячника «Контроль боковой рамы», в ходе которого выявлено 200 неисправных боковых рам тележек.

Осмотрщики вагонов, осмотрщики-ремонтники вагонов ПТО при техническом обслуживании вагонов в поездах, при подготовке вагонов под погрузку особое внимание обращают на состояние буксовых проемов боковых рам, на наличие следов сварки или наплавки в опорной поверхности буксового проема. В целом по ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» по 17 эксплуатационным депо выявлено 200 неисправных боковых рам тележек, наибольшее их число приходится на Екибастузское эксплуатационное вагонное депо – 38 боковых рам.

Наибольшее количество неисправных боковых рам выявили осмотрщики-ремонтники вагонов ПТО станции Павлодар-Восточный Нурсултан Нуралы – пять боковых рам, осмотрщики вагонов ПТО парка «Е» станции Екибастуз-2 Адилет Нурсагатов – четыре, ПТО парка «Б» станции Екибастуз-1 Адилет Ергали – четыре. Все они за профессионализм и оперативность представлены к поощрению и к награждению нагрудным знаком «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін».

Проведенная работа позволила исключить из эксплуатации потенциально опасные боковые рамы, излом которых способен повлечь за собой сход подвижного состава, представляющий собой угрозу не только сопутствующему подвижному составу, инфраструктуре, окружающей среде, но и жизни, здоровью человека, отметили в ВЧД-16.

№44 (2759) 14/06/2022

ЧЕЛЛЕНДЖ СДЕЛАЛ ГОРОД ЧИЩЕ



В прошедшие выходные железнодорожники Костанайского региона по инициативе руководства Костанайского отделения грузовых перевозок запустили челлендж «За чистый город». Его цель – внести вклад в общее дело борьбы за чистоту областного центра и прилегающих территорий.



Эта акция – одно из самых масштабных, проводимых железнодорожниками за последние годы. В ней приняли участие 400 сотрудников. Местом субботника стала территория полигона, куда зимой городские подрядчики вывозят снег. Но, видимо, некоторые горожане посчитали это место свалкой, потому что летом здесь образуются горы мусора. Данную территорию для субботника согласовали с акиматом областного центра. – Так как у нас большое количество людей, площадь для уборки у нас немалая. Предприятия на железной дороге тоже много, на субботнике их сегодня порядка восемнадцати, принимают участие, можно сказать, все. Надеемся, что нашу инициативу подхватят железнодорожные коллективы других регионов. Сегодня, по окончании субботника, мы передали знамя челленджа костанайской швейной фабрике «Большевичка», а также Алматинскому отделению грузовых перевозок, – рассказал и. о. директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Айбек Казымов. Мероприятие прошло дружно и весело. Вагонники, путейцы, машинисты, составители поездов и представители многих других железнодорожных специальностей плечом к плечу наступали на мусорные горы, оставляя позади себя чистое зеленое поле. Городские власти предоставили грузовики для вывоза мусора, также была задействована техника железнодорожников.

Свою лепту в праздник труда внес и профсоюзный комитет Костанайского отделения ГП, обеспечив работающих водой и вкусными пирожками.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай
Фото автора

С ЗАБОТОЙ О ДЕТЯХ

В рамках празднования 30-летия Профсоюза Акмолинский филиал ОО «Казпрофтранс» оказал благотворительную помощь начальной школе села Карагай Акмолинской области.



Сегодня в школе учатся 23 ребенка из них 10 – в детском мини-центре, в который ходят дети до шести лет. Представители профсоюза подарили ребятам глобус, развивающие игры, спортивный инвентарь, канцелярские принадлежности и игрушки. В свою очередь спортивный инвентарь Акмолинского филиала Азамат Бекеев произвел разметку волейбольного поля. – В селе Карагай в начальной школе 80% – это дети работников железнодорожных предприятий – ШЧ-12, ЭЧ-6, ПЧ-15, ДС, – рассказал председатель Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

Все добрые дела, совершенные в этот радостный день, несомненно, зарядят школьников на весь год.

Заведующая КГУ «Начальная средняя школа села Карагай» Анель Алкебаева поблагодарила профсоюзных работников за неравнодушное



отношение к школе и пожелала им и дальше творить добрые дела на благо детей.

Учащиеся школы были очень рады подаркам. Встреча закончилась чаепитием с тортом, где был изображен логотип 30-летия Профсоюза.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

ҚАУІПСІЗДІК – БАЛАЛАР ҚЫЛҚАЛАМЫНДА

Маңғыстау өңірінде «Қауіпсіздік палитрасы» тақырыбында теміржолшылар балаларының сурет сайысы өтті. Сурет байқауына 8-14 жас аралығындағы отыз шақты бала қатысты.

– Салалық теміржолшылар кәсіподақ ұйымының отыз жылдығына орай өткізілген бұл сайыс – балаларымызға қауіпсіздікті ұқтырып, өз өмірін сақтауға септігін тигізетін маңызды шара. Қатысқан балалардың еңбегін көріп қуандық. Тақырыпты түсінгендері көрініп тұр. Теміржол жанында доп ойнауға, жолдан жүруге, ортасында отыруға болмайтынын суреттеді. Олар ертең мұны достарына да айтып, теміржолда қауіпсіздікті сақтауға шақыратыны анық, – дейді Орталық теміржолшылар кәсіби одағының Маңғыстау өңіріндегі өкілі Әзірбай Тұрмағанбетов.

Сайыс қорытындысында балалар әр мекемеден келген топтар бойынша жеңімпаз атанып, бірінші, екінші және үшінші орындарға

ие болды. Оларға диплом, сурет салу құралдары, ойыншық сияқты дүниелер табысталды. Кәсіподақ өкілі тағы бір қуанышты жаңалықпен бөлісті. Теміржолшылардың балалары биыл жазғы лагерге баратын болды. Пандемия кезінде тоқтап қалған бұл жазғы демалыстың қайтадан ұйымдастырылып, жандануы шынында тамаша жаңалық еді.

Шахидә ЖҰМАҢ, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

Спорт

ЖАСЫЛ АЛАҢДА – ЖОЛШЫЛАР

Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты Суықбұлақ станциясында көп жылдар бойы Жаңа-Семей жол дистанциясының басшысы болған, білікті жолшы Дәулет Садықовты еске алуға арналған мини-футболдан кезекті турнир болып өтті.

Аталмыш байрақты бескеге ПЧ-40 мекемесіне қарасты желі бойындағы барша жолшылар қатысты. Жаңа-Семей, Шөптіқақ, Делбегетей, Шар, Суырлы, Жарма сынды станциялардан барлығы 6 команда жиналды. Сайысқа кәсіподақ ұйымы мен дистанция басшылығы демеушілік етті.

Біріншілік беташарын ПЧ-40 директоры Мұрат Мамырбаев алғысөзбен ашты.



– Өз мамандығының шебері болған, сонында көптеген шәкірт тәрбиелеген ардақты әріптесіміз Дәулет Бағдатұлы арамдыда жүрсе, 60 жасқа толар еді. Бүгінгі сайыста баршаңызға сәттілік тілеймін, – деді ол өз сөзінде.

Турнир тартысты өтті. Қауырғызметтен бір ауық бой жазып, жасыл алаң төрінде өзара шеберлік сынасқан кіл жолшылар осылайша үздіктерді анықтады. Ойын нәтижесінде Шар станциясының жолшылар қауымы айқын басымдықпен бас жүлдені жеңіп алса, екінші орынға Делбегетей жолшылары тұрақтады. Ал үшінші орынды Жарма станциясының жігіттері еншіледі.

Бұл жарысқа Садықовтар отбасы жүлделі орындар үшін бағалы сыйлықтар тағайындаған болатын. Тек жеңімпаздар ғана емес, әр команданың сұр мерген шабуылшылары мен қорғаушылары және қақпашыларына да арнайы жүлделер табысталды. Сонымен қатар, қызықты ойын көрсеткен жолшылар алғыс хаттармен марапатталды. Спорттық шараның соңы Суықбұлақ станциясында әйгілі жолшыға арналған ас беру рәсімімен жалғасты.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

ТЕҢБІЛ ДОП ДОДАСЫ

Қандыағаш станциясында теміржолшылар шағын футболдан жарысқа түсті. Доп тебуден алдына жан салмаған ШЧ-4 командасы 1-орынды иеленді.

Қандыағаш қаласындағы спорт кешенінде әскерлендірілген теміржол күзеті, жол дистанциясы, электрмен жабдықтау дистанциясы, вагон қараушылар және станция қызметкерлері шағын футболдан жолдастық кездесу өткізді. Бес команда ойыншылары бар өнерін ортаға салды. Ойын шарты бойынша үш команда жүлделі орындарды бөлісті: ШЧ-4 – 1-орын, вагон шаруашылығы – 2-орын, әскерлендірілген теміржол күзеті 3-орын алды.

– Теміржолшылар арасынан жасақталған командалар теңбіл доптың бескескін қыздырып, көрермендерге жақсы көңіл-күй сыйлады. Ойын барысында коман-



далар ереже бұзбай, қарсыластарымен мәдениетті әрі қызықты өнер көрсетті, – дейді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Теміржолшылар арасында футбол ойынының даму қарқыны жоғары. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттаған теміржолшылар жеңіл атлетика және теннис ойындарында өзара бақ сынады.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ЛЕГКО И НЕПРИНУЖДЕННО

На стадионе «Локомотив» микрорайона Защита в Усть-Каменогорске прошла летняя спартакиада по легкой атлетике для работников железнодорожных предприятий. Солнечное и теплое утро еще не успело превратиться в знойный день, поэтому выполнение спортивных состязаний далось их участникам без лишнего напряжения.



Спартакиаду проводили организатор-инструктор по спорту ФСК «Локомотив» Арман Зайнолдин и инструктор по спорту Олег Кушуков. Конечно же, сначала была разминка. В это время удалось поговорить со спортсменами.

– Работая на железной дороге уже 15 лет и постоянно принимаю участие в соревнованиях АО «НК «КТЖ» всех уровней по легкой атлетике. В настоящее время являюсь оператором АСУ Семейского отделения грузовых перевозок по Западному региону, – рассказала известная среди железнодорожников спортсменка Алена Денисенко. Приемосдатчик станции Оскемен-1 Дина Шагатаева работает в сфере железнодорожного транспорта 25 лет и давно занимается спортом. Охотно принимает участие в различных состязаниях, в том числе семейных стартах «Папа, мама, я – спортивная семья».

Багжан Толегонова со станции Новоустькаменогорск – новичок на «железке», но не в спорте. Она устроилась в АО «ДТ» чуть больше года назад. Еще в школе играла в волейбол, посещала тренажерный зал. В соревнованиях принимает участие второй раз. Впервые она показала себя как спортсменка железной дороги в прошлом году,

на спартакиаде в честь 30-летия независимости РК. Осмотрщик-ремонтник вагона ПТО Шемонаиха на станции Усть-Таловка Виталий Колмагоров говорит, что спорт любит с детства. Уже тогда он занимался хоккеем. – Я любитель, не профессионал, но периодически занимаюсь бегом, играю в футбол, выигрывал соревнования в Нур-Султане по гиревому спорту. Вот и сегодня – хороший летний день, почему бы не принять участие в спартакиаде? – задал Виталий риторический вопрос. – Умею бегать, а остальные дисциплины... посмотрим. Я раньше работал в ВЖДО и был участником спортивных состязаний от этого предприятия, играл в волейбол.

Сначала участники соревнований выполняли прыжки в длину, потом все бежали стометровку, мужчины – один километр, а женщины – 300 метров. – В прыжках в длину с места первое место среди мужчин занял Елдос Айтжанов от станции Оскемен-1, второе и третье разделили Данияр Калитов из Оскеменского эксплуатационного вагонного депо и Нурсултан Какитаев от станции Оскемен-1. Среди женщин первое место заняла Алена Денисенко, второе – Багжан Толегонова, тре-

ть – Дина Шагатаева, – рассказал инструктор по спорту Олег Кушуков. – В беге на 100 метров среди мужчин первое место занял Елдос Айтжанов, второе – Нурсултан Какитаев, третье – Данияр Калитов. Среди женщин в стометровке первое место у Багжан Толегоновой, второе – у Алены Денисенко, третье – у Дины Шагатаевой. В беге на один километр первое место занял работник станции Оскемен-1 Магжан Балшабеков. Он работает здесь всего месяц и уже показал такие хорошие результаты в спорте! Нурсултан Какитаев занял второе место, третье – Мади Мукаш из ТОО «СпецСервисКурьельс». В беге на 300 метров первое место завоевала Багжан Толегонова, второе – Дина Шагатаева, третье – Алена Денисенко. Всех призеров наградили ценными подарками и дипломами. В начале июля на станции Курорт-Боровое пройдут республиканские соревнования по летним видам спорта. И победители летней спартакиады в Усть-Каменогорске станут их участниками. А 15 июня наши спортсмены представят регион на соревнованиях «Папа, мама, я – спортивная семья» в Нур-Султане. Ольга УШАКОВА, Оскемен
Фото Армана ЗАЙНОЛДИНОВА

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынп, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахидә Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдрібаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Костанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаява 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.